

Ауыл шаруашылығы техникасының өндірісінде пайдаланылатын қосалқы бөлшектердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 4-6/1127 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12796 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 22 ақпандағы № 84 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.02.2018 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу және кедендік әкімшілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 3 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған ауыл шаруашылығы техникасының өндірісінде пайдаланылатын қосалқы бөлшектердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә. Исекешев
2015 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика
министрі міндеттерін атқарушы
_____ М. Құсайынов
2015 жылғы 29 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_____ Б. Сұлтанов
2015 жылғы 29 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика
министрінің
_____ Е. Досаев
2015 жылғы " "

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 4-6/1127 бұйрығымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы техникасының өндірісінде пайдаланылатын қосалқы бөлшектердің тізбесі

Рет №	Атауы	СЭҚ ТН коды
1	2	3
1.	Вулканизацияланған резеңкеден жасалған конвейер ленталары немесе қозғалтқыш белдіктер немесе бельтинг	4010
		4016 9 3

2.	Қаптама амортизаторлар, ұштықтар, тұғырықтар*	000 5 -ден
3.	8701 - 8705 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарына арналған қатты резеңкеден басқа, вулканизацияланған резеңкеден жасалған бұйымдар*	4016 9 9 970 9 -дан
4.	Ыстықтай орамдалған серіппелер, рессорлар	7320 1 0 110 0 -ден, 7320 1 0 190 0 -ден, 7320 2 0 200 9 -дан
5.	Созылатын бұрандалы суықтай орамдалған серіппелер*	7320 2 0 850 8 -ден
6.	Серіппелі қабықтар*	7320 9 0 900 8 -ден
7.	Ыстық қалыптамалар*	7326 9 0 930 9 -ден
8.	Ауыл шаруашылығы машиналарында, тракторларда, ұшу аппараттарында, электр генераторларында, компрессорларда пайдалануға жататын, поршеннің айналмалы немесе қайтарымды-үдемелі қозғалысымен ұшқындап от алатын іштен жану двигательдері	8407- ден
9.	Ауыл шаруашылығы машиналарында, локомотивтерде, тракторларда, кемелерде, электр станцияларында пайдалануға жататын, қысқанда жалын шығаратын поршеньді іштен жану двигательдері (дизельдер немесе жартылай дизельдер)	8408- ден
10.	Май құю станциялары мен гараждарда пайдалануға арналғандарды, сондай-ақ көлік құралдарына арналғандарды қоспағанда, шығын өлшегіштері бар немесе оларсыз сұйықты сорғылар; сұйықтарды көтергіштер*	8413- тен
11.	Бір сатылы турбокомпрессорлар	8414 8 0 110 0
12.	Көп сатылы өзге де турбокомпрессорлар	8414 8 0 190 0
13.	Жасанды тоқыма материалдарынан жасалған сүзгілер және сүзгі элементтері*	8421 3 1 000 9 -дан, 8421 9 9

		000-ден
14.	Шөміштер, қармауыштар және қарпығыштар	8431 4 1 000 0 -ден
15.	Шөп дайындауға арналған машиналардың бөліктер	8433 9 0 000 0 -ден
16.	Гидробөлгіштер*	8481 2 0 100 9 -дан
17.	Темір жол көлігінің жылжымалы және жүк тарту құрамында пайдаланылатындардан басқа, өзге де шарикті подшипниктер*	8482 1 0 900- ден
18.	Темір жол көлігінің жылжымалы және тарту құрамында пайдаланылатындардан басқа, сепаратормен және роликтермен жиынтықтағы ішкі конус сақиналарды қоса алғанда, роликті-конусты подшипниктер*	8482 2 0 000
19.	Темір жол көлігінің жылжымалы және тарту құрамында пайдаланылатындардан басқа, роликті сфералық подшипниктер*	8482 3 0 000
20.	Ине тәрізді роликті подшипниктер	8482 4 0 000
21.	Темір жол көлігінің жылжымалы және тарту құрамында пайдаланылатындардан басқа, өзге де цилиндрлік роликті подшипниктер	8482 5 0 000
22.	Темір жол көлігінің жылжымалы және тарту құрамында пайдаланылатындардан басқа, қиыстырылған шарикті - роликтілерді қоса алғанда, өзге де подшипниктер	8482 8 0 000
23.	Шариктер, инелі роликтер және роликтер	8482 91
24.	Бірнеше элементтерден құрастырылған (құрама) иінді біліктер	8483 1 0 290 9 -дан
25.	Кардан біліктері*	8483 1 0 210 8 -ден
26.	Трансмиссия біліктері (жұдырықша және иінді біліктерді қоса алғанда) мен өзге де қос иіндер	8483 1 0 950 0
27.	Шарикті және роликті подшипниктер орнатылған подшипниктер корпусары	8483 2 0 000 0 -ден

28.	Шарикті және роликті подшипниктерге арналған подшипниктер корпустары	8483 3 0 320
29.	Біліктермен жиынтықтағы тіссіз берілістер мен тісті доңғалақтар; беріліс қораптары және басқа да жылдамдық вариаторлары*	8483 40- тан, 8483 90- нан
30.	Шкивтердің блоктарын қоса алғанда, тегершіктер мен шкивтер	8483 50
31.	Жалғастырғыштар мен біліктерді қосуға арналған құрылғылар (әмбебап топсаларды қоса алғанда)	8483 60
32.	Азаматтық авиацияға арналған тісті дөңгелектер, тізбекті жұлдызшалар және жеке қойылған басқа да беріліс элементтері; бөліктері	8483 90- нан
33.	Қорғасынды аккумуляторлар: сұйық электролитпен жұмыс істейтін күш; өзгелері; тұрақты*	8507 2 0 200 0 , 8507 2 0 800 1 -ден
34.	Іштен жану двигательдерін ұшқыннан немесе жанғыш қоспаларды қысу арқылы тұтандыруға және іске қосуға арналған электр жабдығы (мысалы, магнето, тұтандыру катушкалары, тұтандыру шырақтары, қыздыру шырақтары, стартерлер); осы двигательдермен бірге пайдаланылатындар үлгісіндегі генераторлар (мысалы, тұрақты және айнымалы тоқтың) мен ажыратқыштар	8511
35.	Электр жарығын беру немесе дабыл беру жабдығы (8539 тауар позициясының бұйымдарынан басқа), велосипедтерде немесе моторлы көлік құралдарында пайдаланылатын шыны тазалағыштар, күңгірттенуге қарсы және булануға қарсы жабдықтар	8512
36.	Радиохабарларын таратуға арналған, дыбыс жазатын немесе дыбыс шығаратын аппаратурамен немесе сағатпен бір корпуста бірге немесе бөлек орналастырылған-қабылдау аппаратурасы; өзгелері; Моторлы көлік құралдарында қолданатын сыртқы қорек көзінсіз жұмыс; істей алмайтын кең ауқымда хабар таратқыш радиоқабылдағыштар дыбыс жазғыш немесе шығарғыш аппаратурасымен бірге орнатылғандары	8527 1 9 000 0 , 8527 21
37.	Автосымдар*	8544 4 2 900 9 -ден
38.	Трактор кабинасын жылытқыштар, амортизаторлар*	8708 2 9 900- ден
39.	Тракторға арналған трансмиссиялар*	8708 5 0 350- ден

40.	Аунақтың осі, роликтің осі, иінді ось, шынжыр табан буынының бунағы*	8708 7 0 990- ден
41.	Тракторға арналған радиаторлар*	8708 9 1 990- ден
42.	Өзге де тіркемелерге және жартылай тіркемелерге бөлшектер	8716 90
43.	Өзге де тіркемелердің және жартылай тіркемелердің шасси	8716 9 0 100 0
44.	Өзге де тіркемелердің және жартылай тіркемелердің шанақ	8716 9 0 300 0
45.	Өзге де тіркемелердің және жартылай тіркемелердің осьтер	8716 9 0 500 0
46.	Өзге де тіркемелердің және жартылай тіркемелердің басқа да бөлшектер	8716 9 0 900 0
47.	9014, 9015, 9028 және 9032 тауар позицияларының құралдары мен аппаратурасынан басқа, сұйықтардың немесе газдардың шығысын, деңгейін, қысымын немесе басқа да құбылмалы сипаттамаларын өлшеуге немесе бақылауға арналған құралдар мен аппаратура (мысалы, шығын өлшегіштер, деңгей көрсеткіштері, манометрлер, жылу өлшегіштер)	9026
48.	Автоматты реттеуге немесе басқаруға арналған құралдар мен құрылғылар	9032

Ескертпе: * - тауарлар номенклатурасы код арқылы да, тауарлар атауы арқылы да айқындалады.